

Қазақ елінің қалыптасуындағы ұлттық сананның рөлі

В статье рассматривается роль национального самосознания в становлении казахского народа. Процессы, происходящие в современном мире, актуализируют проблему национального самосознания, которому предстоит стать трансляторами общечеловеческих и национальных ценностей. Проблема национального самосознания на протяжении длительного времени является одной из актуальнейших. В процессе воспитания национального самосознания, необходимо учитывать исторически сложившиеся особенности.

The article discusses the role of national identity in the formation of the Kazakh people. The processes occurring in the modern world, emphasize the problem of national identity, which will become the translators of universal and national values. The problem of national identity for a long time is one of the most urgent. In the process of building national identity, it is necessary to consider the historically particular.

Жаһандану жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтарды өз дәрежесінде қабылдай отырып, өзіндікті сақтау барысында ғана қайсыбір мемлекет үшін лайықты орын иелену мүмкіндігі болатындығы белгілі. Соңғы уақыт бедерінде ұлттық құндылықтарды құптау және игеру өзекті әрі болашақ бағытты айқындап, өркениетке өрлеу жолын нұсқайтын нақтылық екендігін айқындадық. Еліміздің мақсаты өркениетті мемлекеттер межесінен орын алу екендігі баршаға белгілі, ұлттық өркениет өресіне жету үшін алдымен ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру қажет. Сол арқылы саналы түрде сапалы нәтижеге қол жеткізу. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарих толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» [1, 3 б.],- деп атап өтуінде өмір ақиқаты бар екендігі байқалады.

Өзіндік мәселесіне қазақ философы М.С. Орынбеков те тоқтала кетіп, қазақстандық өркениеттіліктің ерекшелігіне баса назар аударады. «Қазақстандық өркениет батыстық өлшемдерге бағынбайды, барлық Шығыстағы өркениеттер сияқты қауымдасудың өзге түрлеріне негізделеді. Біздің өркениетке қатысты дүниелер ең алдымен а) тұлғааралық қатыснастардың іргелілігі, ә) қолда бар құндылықтардың тұрақтылығы, б) рухани реттеушінің басымдылығы. Біздің қоғамымызда барлық мүшелеріне маңызы бар, жалпы мәнді құндылықтар бар» [2, 28 б.].

Әрбір халықтың өзінің ұлттық тарихы бар. Ұлттың тарихы – ұлттық сана. Сана белгілі бір ұлт өнімінің дамуы, сол ұлттың мәдениетінің өмірі мен мақсаты болып табылады. Сондықтан да, ұлттық сана-сезімнің қалыптасу жолдары әр түрлі, ерекше әрі қайталанбас құбылыс. Бұл ерекше құбылысты түсінудегі басты мәселе, яғни, бір халықтың ұлттық өзіндік санасының басқа халықтың ұлттық өзіндік санасынан ерекшелік белгілерінің қалыптасуы мен

көрініс беруін анықтау. Мұны тек ұлттық өзіндік сананы тарихи-мәдени және әлеуметтік-мәдени астарларда талқылау арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Біраз уақытқа дейін қайсыбір халықтың, оның ұлттық сана-сезімнің эволюциясының ұлттық әлеуметтік ролі дұрыс бағаланбай келді. Әлеуметтік ерекше құбылыс – ағза ретінде ұлтқа беріліп келген көптеген анықтамалада айрықша белгілер назардан тыс қалып отырған [3, 35 б.].

Ата-бабаның рухани тәжірибесінің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі қазақ мәдениетінің ұлттық ерекшелігінің, психологиялық белгілерінің және ұлттық өзіндік сананың шынайы көрінісі қазақ этносының іс-әрекетінің қалыптасуында айтарлықтай роль атқарған. Қазақстанның полиэтникалық тарихи ортасы бүгінгі күнге дейін әлеуметтік жаңашылдықтарды (мәдени, ұлттық) алып келуде. Ұлттылықтың мәнді басымдығы ретінде этнос сынды ерекше құбылысты қабылдамау қателіктерге ұрындыруы ықтимал [4]. Ұлт түсінігінің нақты шекараларын Н.А. Бердяев көрсеткен. «Ұлттық – күрделі тарихы құрылым. Ол қайталанбай рухани бейнені қалыптастыратын рухани-мәдени үдеріспен өзінің тағдырын байланыстырады. Және де барлық тарихи, психологиялық зерттеулердің нәтижесінде назарға ілінбеген қалдық қалады, міне, сонда ұлттық өзіндіктің барша құпиясы сақталады. Оның құпиясын ашу үшін ұлттық ортада болып, оның шығармашылық өмірлік процесіне қатысу керек» [5, 68 б.]. Өзіндік сана адамның өз мені туралы көзқарастары. Өзіндік санасының көмегімен жеке тұлға қоршаған ортадағы өз орнын, өз мүмкіндігін, сезімі мен әрекеттерін бағалайды. Сол сияқты, ұлттық өзіндік сана ұлттың өз ерекшелігін бағалау, байыту, бүгіні үшін айқындық танытып, ертеңіне нақты бағдар беретін ұстанымына айналуы тиіс. Ұлттық тұтастықты сезіну ғана ұлттық сана-сезімді айғақтай алады. Этносты өткен ұрпақ бүгінгі ұрпақтан еш кем емес өмір сүреді. Н.А. Бердяев: ұлттық сана сезім өткенді қалпына келтіретін, тарихтың барлығын сақтайтын орасан күшін білдіретін түбірі тереңге кететін сана-сезім дейді. «Ұлттық сана-сезім шығармашылыққа қарсы болғандықтан консервативті емес, себебі ол келер күннің өлімге апарар қажеттіліктерінен шынайы өмірді, бағалы өмірді қорғайды» [6, 91 б.], олай болса, біздің ата мен әже, ата-бабаларымызды, бүгінгі біз, ертеңгі келер ұрпақтар тірі, жанды күйінде қабылдайды.

Ұлттық өмір, ата-баба және олардың өсиеттеріне бас июдің арасындағы үзілмес байланыс. Сондықтан, ұлттылықта үнемі дәстүрлілік үрдісі сабақтасады. Дәстүрлілік үрдісі ұлттық санада орнығады, ал ұлттық сана өзінің толық көрінісін ұлттық мәдениетте табады. Нақты этноәлеуметтік қоғамдастық мәдениетте оның ұмтылыстары мен мақсаттары жүзеге асырылады. Мәдениеттің деңгейлері мен типтерінде ұлттық өзіндік сананың құндылықтары мен қасиеттері өлшенеді. Ұлттық мәдениет дәстүрлері, ұлттың еңбекке икемділігінен, қауымдастықтардың әдептері мен әдеттерінен, бірлесе өмір сүруінен, ата-баба рухына табынудан, бейіттерді, ескерткіштерді қастерлеуінен, ата-ана мен бала қарым-қатынасынан, жақсыға ұмтылуынан, бақыт пен әділеттілік үшін күресінен туындайды. Ұлттық мәдениет мәселесі күрделі әрі көпастарлы. Ұлттық мәдениет ұлтқа тән моральдық

құндылықтарды, ұлттың рухани тәжірибесін жеткізуші фактор. Яғни, ұлттық мәдениет – ұлттық сана-сезім өзегі.

Ұлттық өзіндік сананы рухани құрылым ретінде көрсететін анағұрлым мазмұнды концепция былай баяндады, рухани автостереотиптер, аймақ, мәдениет, тіл тарихи өткен туралы ойлар да және де өз халықының мәдени және тарихи құндылықтарына қатынас сияқты сезімдік бөлшек те және де ең бастысы адамдардың іс-әрекетінің қозғаушы күші – ұлттық мүдделер. Ұлттық мүдде мәдениетпен, ұлттық өзіндік санамен тығыз байланысты. Ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет ұлттық өзіндік сананың қалыптасуының қайнар көзі болып табылады. Яғни, адамның ұлттық өзіндік санасы адамның өзін-өзі ұлтық бірегейленуін бейнелеуінің орталық формасы ретінде де анықталады деген тұжырым туындайды.

Ұлттық өзіндік сананы қарастырудың соңғы концептуалды нәтижелеріне сүйене отырып, оны рухани қасиеттің мынадай құбылысы ретінде тұжырымдауға болады. Ұлттық өзіндік сана ұлттық қоғамдастықтар арасындағы өз орнын анықтай білуі, аймақ, тіл, мәдениет, тарихи өткен жол, әрекет етуші қоғамдық-саяси және мәдени бағдарлар мен құндылықтардың жүйесі туралы ойлардың сипаттамасы. Ұлттық өзіндік сана адамдардың өмірлік әрекеттерінің әлеуметтік астарларын анықтайтын ұлттық мүдделермен тығыз байланысты [7, 236 б.].

Ұлттық өзіндік бастау салт-дәстүр, өнер, мораль, дін болып анықталып, оның әлеуметтік-саяси мәселелерге қатысы артып, саяси-мемлекеттік өзін-өзі орнықтырған ұлттық мемлекет деңгейіне көтеріледі.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріне халықтың атсалысуына байланысты және ұлтаралық қарым-қатынас деңгейіне қарай ұлттық өзіндік санасы айқын көрініс беретін немесе аса көрініс алмайтын адамдарды немесе олардың топтарын бөліп қарастыруға болады. Ұлттық өзіндік сана бұл шынайылық. Сондықтан да, ұлттық өзіндік санадан босап шығу ұлтаралық мәселелерді шешудің бір жолы деген тұжырым дұрыс болмас.

Әлеуметтік-мәдени талқылау аясында ұлттық өзіндік сананың табиғатын анықтау мүмкіндігі туындайды. Ұлттық таралудың қауымдастылығы, туған жерге қаншылықты сәйкестігі, тарихи өткен мен болашаққа, туған тілге, мәдениетке саналы қатынас туралы адамдардың ой-пікірлерінде ашылады. Ол белгілі бір дәрежеде ұлттық шаруашылық-мәдени тұрмыс, этностың рухани өмірінің мәндік көрінісіне бағалаушылық қатынас сипатына ие. Мәселен, қазақтарда – әдет, ем, садақа, ырым сынды дәстүрлердің орны мен әсері зор болған. Қазақтар өз ата-бабаларын «аруақ» деп атап жол ашуға, бақытсыздықтан қорғауға көмек жасау арқылы табынған. Олар ата-баба бейіттеріне ескерткіштер мен қорғандар тұрғызып, өте жиі барып, балаларына да орындалуы тиіс міндет ретінде саналған. Көшпелі өмір салты, жеке аймақтардың ерекшеленуі этникалық өзіндік сананы анықтаушы рулық-тайпалық бөліністің сақталуына алып келді. Қазақтардың үш жүзге: ұлы жүз, орта жүз, кіші жүзге, олардың ішінде руларға бөлінуі барлық өмірлік маңызды мәселе ретінде, ал, маңызды мәселелерді шешуде бұл үшеудің пікірі қатаң сақталған. Өзіндік сананың ұлттық айқындығы ұлттар, халықтар

арасындағы өзгешіліктерді қабылдау нәтижесі болып табылады. Олар әлеуметтік-этникалық қоғамдастықты құратын тұрмыстық, тілдік, мәдени және өзге де ерекшеліктермен байланысты.

Өзіндік сана өзінің ұлттық ерекшеліктеріне саналы қатынастағы қабілетілігі бар жеке тұлға пайда болған кезде ғана ұлттық өзінділікке ие болады.

Бұдан, мынадай қортындыға келуге болады, ұлттық өзіндік сананың маңызды бөлігі автостереотипте жарқын көрініс беретін этникалық субъектіні өзін-өзі саналы түрде қабылдауы болып табылды. Өзіндік сананың өзге құрылымдық бөлшектері туралы сұрақ күрделі. Ұлттық өзіндік санаға ұлттық мүдделердің қосылуы белгілі нәрсе. «Олар өздерінің ортақ мүдделері мен идеалдарын түсіну дәрежесіне көтерілгенде әрекет етеді және оларды жүзеге асыруға күреседі» [8, 7 б.]. Өзіндік сана жеке тұлғаға, әлеуметтік топқа қатысты қасиет болып табылады. Әрбір тарихи қалыптасқан ұлт өзінің алдыңғы қатарлы өкілдерінің арқасында өздерінің ортақ ұлттық мүдделерін, мәдениет, салт-дәстүр және болашақта дамуының ерекшеліктеріне саналы түрде қабылдауға дейін жоғары көтеріледі. Алайда, өз халқының құндылықтарына, сұраныстарына және даму қажеттіліктеріне саналы көзқарас болғанда, ұлттық өзіндік сананың маңызды бөлшектерінің бірі – ұлттық мүдделер туралы айтуға болады. Ұлттық мүдделердің негізінде өзінің бағыттылығымен ерекшеленетін әлеуметтік мүдделер жатады. Оның бағыттары ретінде саяси, экономикалық, рухани және т.б. алынады. Ұлттық мүдделердің белсенді жүзеге асу аймақтары мәдениет саласында, мәдениет салалары қозғалмалы, тарихи тұрғыда ауысып отырады. Мысалы, тіпті бір халық кеше ғана білім алуға мүмкіндік үшін күрессе, бүгінгі таңда – бір мәдениет қайраткерінің еңбегі үшін, ал, ертең – тіл, тарихи ескерткіштерді сақтау бағытында жұмыс жүргізуі әбден мүмкін.

Сонымен, ұлттық өзіндік сана құрлымының негізгі бөлшектеріне өзін-өзі саналы түрде қабылдауы және өз мүдделеріне деген саналы көзқарасты жатқызуға болады. Ұлттық өзіндік сана «ұлттың өзі туралы көзқарастары мен тұжырымдарының тұтас әлемі, әлеуметтік-тарихи қоғамдастықтағы сияқты онда да пайда болатын, қозғалыс, өзгеріс, даму немесе өлу күйін кешетін сезімдер, көңіл-күйлер мен пікірлер, дәстүрлер, рухани құрылымдар әлемі» [9, 63 б.]. Ұлттық өзіндік сана өзіне ғана тән айрықша мүдделерін, қайсібір ұлттың өзгелердің арасындағы орнын, оның тарихи тағдырының ерекшеліктерін көрсетеді. Басқа сөзбен айтқанда, ұлттық өзіндік санаға тек идеялар ғана емес, сезімдер де кіреді.

Ұлттық өзіндік сананың атқаратын қызметтері әр түрлі, оларға мыналарды атқызуға болады: 1) танымдық; 2) сезімдік-құндылықтық; 3) реттеушілік.

Сонымен қоса, ұлттық өзіндік сана иллюзорлық-компенсаторлық және жинақтаушы қызметтер де атқарады [10, 63 б.]. Ұлттық өзіндік сананың танымдық қызметінің мәні ұлттың өзгелерден өз ерекшелігін сезінуі, немесе, басқаша айтсақ, өзінің «біз» болғанын, өз шынайлығын саналы түрде қабылдауы. «Біз» ұғымы ол ұлттық өзіндік санадағы бастапқы сәт. Осыдан

өзіндік сананың танымдық белсенділік үдерісі басталады. Ұлттық өзіндік сананың ұлттық нақты мақсаттарға жетудегі ерік күшін бағыттауға реттеушілік қызметінің маңызы зор.

Ұлттық сана мәселесі мазалаған тағы бір ұлы тұлға Міржақып Дулатов: «Бостандық туды. Бұл бостандық көктен түсті. Енді өзіміздің ұйымсыздығымыздан тегін бостандық жемісінен пайдалана алмасақ, «аспаннан шұға жауғанда, ұлтарак тимеген құл» біз болмаймыз ба? ...Мынау бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандық...» 1917 жылы жазып кеткен.

Ұлттық өзіндік сана мәселесі әр уақытта өзекті. Тек замана қойған талапқа сай өзіндік кейіп алып отыратындығы белгілі. Ұлтқа қатысты – ұлттық өзіндік сана, ұлтжандылық, ұлттық идея мәселелері аса өміршең әрі қарсы тұрарлық екендігін профессор Б.Ғ. Нұржанов атап өтеді [11, 71 б.]. «Ұлттық өзін-өзі анықтау – басқарушы ұлттық азшылықтың, интеллигенцияның, саясаткерлердің ойдан шығарғаны емес, халықаралық құқықта орын алған ұлттық мемлекеттің нақты мазмұны және іргелі негізі» [12, 8 б.].

«Өзіндік болмыс ұғымына жақын тұрған ерекшелік ұғымы көбінесе салт пен дәстүрде, рухани мұра мен адамдардың мінез-құлықтарында басым қолданылады» [13, 14 б.].

Ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру ұлт үшін саналы сатыдан сапалы өрлеуге, яғни өркениеттілікке жол бастайтын нақты іс-шара болып табылады. Өткеннің ұлағатын, ұлттық болмысты, өзіндік мәдени құндылықтарды бағалай отырып, болашақты бағамдай аламыз.

Эта статья посвящена проблеме формирования национального самосознания как основы национальной цивилизации

This article shows that the problem about on formation in national foundation the base of national civilization

1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

2 Орынбеков М.С. Идейные основания казахстанской цивилизации // «Өркениеттік сананы қалыптастыру мәселелері» халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы. – 2004. 27-31 бб.

3 Бромлей Ю.В. К разработке понятийно-терминологических аспектов национальной проблематики // Советская этнография. – 1987. – № 3. – С. 22-33.

4 Ахиезер А. Культурные основы этнических конфликтов // Общественные науки и современность. – 1994. – № 4. – С. 115-125.

5 Бердяев Н.А. Философия неравенства. – М., 1990. – 214 с.

6 Бердяев Н.А. Русская идея. Судьба России. – М., 1997. – 540 с.

7 Дробижева Л.М. Культура и национальное самосознание // Советская культура: 70 лет развития. – М., 1987. – С. 54-56.

8 Чагай Л.П. Национальное самосознание личности: сущность, противоречия, проблемы формирования: автореф. канд. дисс.: 09.00.11. – М., 1992. – 28 с.

- 9 Евдокимов П.Г. Проблемы национального самосознания в исторической общественной мысли. – Волгоград. – 1990. – 144 с.
- 10 Латышев А.Н. Национальное и религиозное в историческом самосознании: дисс.канд.филос.наук. 09.00.11. – М., 1991. – 139 с.
- 11 Нуржанов Б.Г. Концепция национализма и национальная идея // ҚазҰУ Хабаршы. Философия. Мәдениеттану. Саясаттану сериясы. – 2007. – №3 (29).– С. 70-74.
- 12 Баргесов Ю.Г. Обязательная сила права народов на самоопределение. –М., 1993. – 167 с.
- 13 Ғабитов Т.Х. Қазак философиясы: ұлттық идея кеңмәтінінде. (Оқу құралы). – Алматы: Раритет, 2008. – 232 б.